

**"Тасқала ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" Тасқала ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 493 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы N 41 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 28 наурыздағы N 7-11-135 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2012 жылға 29 ақпандағы N 46 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2012.02.29 N 46 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және жұмыс берушілердің өтінімі бойынша аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тасқала ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" Тасқала ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 493 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-111 тіркелген, 2010 жылғы 29 қаңтарда "Екпін" газетінің N 6-7 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген 1-қосымшасында:

"39. "Тасқала аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі." деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"39. "Тасқала ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі";

мынадай мазмұндағы 40., 41., 42., 43. жолдармен толықтырылсын:

"40. "Тасқала аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі;

41. "Тасқала аудандық әкімияты Тасқала аудандық білім бөлімінің "Жас туристер станциясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

42. "Тасқала аудандық мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі;

43. "Тасқала аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі."; көрсетілген қаулымен бекітілген 2-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Жұбанышқалиеваға жүктелсін.

Аудан әкімі *Ө. Мырзағалиев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Тасқала аудандық  
мәслихатының хатшысы  
Қ. Нұрмұқанов*

28.02.2011 ж.

*Тасқала аудандық  
мемлекеттік мұрағатының  
директоры  
Е. Нұрмұқамбетова*

28.02.2011 ж.

Тасқала ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 28 ақпандағы

№41 қаулысына қосымша

Тасқала ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 31 желтоқсандағы

№493 қаулысына 2 қосымша

**Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі  
мен нақты жағдайлары, қатысушылардың  
еңбегіне төленетін ақының мөлшері  
және оларды қаржыландыру көздері**

Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Төленетін ақының мөлшері	Қаржыландыру көздері
Жұмыс берушілердің өтінімі бойынша	Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жұмыс берушілермен белгіленеді	Ағымдағы жылға белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінен кем емес	Жергілікті бюджет